

## "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 205 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2015 жылы 19 мамырда № 11077 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 маусымдағы № 229 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.06.2020 № 229 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.
2. Ғылым комитеті (С.Е. Жолдасбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігіне мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауды;
  - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым

министрі

А. Сәрінжіпов

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндеттін атқарушы

М. Құсайынов

2015 жылғы 17 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 15 сәуірдегі  
№ 205 бұйрығымен бекітілген

## "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірлеген.
3. Мемлекеттік қызметті "Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Конкурстық құжаттама мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен гранттық қаржыландыру конкурсының талаптарына сәйкес келген жағдайда мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамаға өтініштер қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармақ жана редакцияда - КР Білім және ғылым министрінің м.а. 02.11.2015 № 620 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:
  - 1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар пакетін тапсырған сәттен бастап күнтізбелік 90 күн;
  - 2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар пакетін тапсыруы үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты 30 минут;
  - 3) көрсетілетін қызметті алушыға рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты 30 минуттан аспайды.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - қағаз тасымалдағыштағы мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындысы.

Мемлекеттік қызметті көрсету қорытындысын ұсыну нысанын: қағаз түрінде.

7. Жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбімен жұма аралығында, сағат 13:00-де 14:30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 02.11.2015 № 620 (алғашқы реесми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі өтінім екі данада ұсынылады.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызмет корсету мәселелері бойынша Министрлік, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымдық адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым жазбаша түрде:

Министрлік басшысының не оның міндетін атқарушының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі және орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңессінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органға жүргіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органның атына келіп тұсken көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүргінуге құқығы бар.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар**

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің: [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz);

2) алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 02.11.2015 № 620 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) көрсетілетін қызметті берушінің: [www.ncste.kz](http://www.ncste.kz) интернет-ресурстарында орналастырылған.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 02.11.2015 № 620 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: +7 (7172) 74-16-59, +7 (7172) 57-91-31. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Мемлекеттік ғылыми-техникалық  
сараптама өткізуге арналған  
құжаттарды қабылдау"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына қосымша

нысан

**Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуға өтінімнің үлгілік  
нысаны**

## 1. Жобаның мақсаттары мен міндеттері [500 сөзден аспайды]

Бұл бөлімде жобаның мақсаты және жоба мақсатына қол жеткізу тәсілі, оларды іске асыру мен күтілетін нәтижелердің қысқаша түсініктемесімен коса қойылған міндеттер сипатталады.

## 2. Жобаның ғылыми жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы [500 сөзден аспайды]

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) жобаның ұлттық және халықаралық деңгейдегі жаңашылдығы мен маңыздылығы;

2) жобаны іске асыруға және оның нәтижесін алуға әлеуметтік сұраныс және (немесе) экономикалық және индустримальық мүдделілік.

## 3. Зерттеу әдістері [1000 сөзден аспайды]

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) жобада пайдаланылатын әдістерді қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу, таңдалған амалдарды негіздеу ретінде сипаттау;

2) жобаны орындаудың сыни межелері, баламалы жолдары.

## 4. Жобаны іске асыру және басқару тобы [2500 сөзден аспайды]

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) зерттеу тобының құрамын, олардың ұстанымдарын, біліктілігі мен жобадағы жұмыс бағыттарын және жоба кезеңдерін қамтитын жұмыс жоспарын сипаттау;

2) жобаны іске асырудың әр жылына міндетті түсіндіруді келтіре отырып, жобаның жалпы құнын негіздеу (мың теңгеде);

3) жобаны іске асыру үшін қолданыстағы материалдық-техникалық базаны сипаттау.

## 5. Күтілетін нәтижелер [500 сөзден аспайды]

Бөлімде мынадай ақпарат көрініс табады:

1) рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдарды жүзеге асыру және жобаның алынған нәтижелерін патенттеу мүмкіндіктері;

2) күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық әсер;

3) алынған нәтижелердің қолдануға жарамдылығы;

4) алынған нәтижелерді мақсатты тұтынушылар;

5) жұмыс нәтижелерін әлеуетті тұтынушылар, ғалымдар қоғамдастыры және қалың бұқара арасында тарату.

## 6. Библиография

Бөлімде "Жобаның ғылыми жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы" деген 2-бөлімде сілтемелері берілген жарияланымдар көрсетіледі.

Әр жарияланым журналдың толық атауын, басылым нөмірін, шығарылған жылын, бет нөмірлерін, мақаланың толық атауын, мақаланың барлық авторларының есімдерін қамтуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК